<tr><td>05 ақпан 2018</td><td>06:20</td><td>19:58</td><td>13 сағ. 38 мин.</td><td>1 мин <</td></tr>
<tr><td>06 ақпан 2018</td><td>06:21</td><td>19:57</td><td>13 сағ. 36 мин.</td><td>2 мин <</td></tr>
<tr><td>07 ақпан 2018</td><td>06:22</td><td>19:56</td><td>13 сағ. 34 мин.</td><td>2 мин <</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Табиғат физикасы</td>
<td>5.1
Күш және қозғалыс</td>
<td>4.5.1.1 - Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру;
4.5.1.2 - судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау</td>
<td>

</td>
<td>Оқушылар өздері тәжірибе жасау арқылы Архимед күшін сипатта алады, судың ішіндегі денелерге ауырлық күшінің қалай әсер ететінін тәжірибе арқылы зерттейді. Бұл сабақта білім алушылардың зерттеу дағдылары қалыптасады, тәжірибе жасаға деген ынталары артады.</td>
</tr>
</table>

			Зертте Жұмыртқа жүзу үшін не істеу керек? Қажет заттар: • шикі жұмыртқа; • ыдыс; • су; • тұз; • қасық. ТҰЗ	

«Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «География», «Биология», «Химия», «Физика» пәндерінің бірізділігіне бағытталған пропедевтикалық пән болып табылады. «Жаратылыстану» пәнін оқу арқылы білім алушылардың ғылыми деректерді оқып-үйрену, бақылау, нақты тәжірибе жасау, модельдік тәжрибе жасау, тәжірибе нәтижелерін жинақтау, қорыту дағдылары қалыптасып, теориялық білімдерді тиімді пайдалануға, ғылыми болжамдар қалыптастыруға ықпал етеді.

Биологиялық ғылымдар тірі организмдердің құрылымы мен функцияларын, олардың дамуы мен тіршілік ортасымен өзара қарым-қатынасын зерттейді. Қазіргі заманғы көзқарастар бойынша өмір - бұл ірі органикалық молекулалардан тұратын және энергия мен қоршаған ортамен заттармен алмасу нәтижесінде өз өмірін сақтап қалуға және өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті күрделі биологиялық жүйелердің өмір сүру процесі.

Құрлықта, суда тіршілік етуші барлық тірі организмдердің сан алуан түрін зерттеу жылдан жылға артып келеді. Соның нәтижесінде микроағзалардың, өсімдіктердің жүздеген түрі ашылып жатыр.

Оқу бағдарламасында осындай алуан түрлі тіршілік иелерінің құрылысы, мекен ету ортасы, қоректенуі, тыныс алуы, зат алмасуы сияқты өмір сүру ерекшеліктері туралы білім беретін «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі бар. Осы бөлімді оқығанда білім алушылар ас қорыту, бөліп шығару, зат алмасу сияқты күрделі үдерістердің жүру жағдайларын білетін болады. Сонымен қатар бұл бөлімдегі зертханалық жұмыстар арқылы азық- түлік құрамындағы дәрумендерді анықтау, дәрумендерге бай тағамдарды таңдай алу, иммунитетті көтеру, өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау, дене жаттығуларының денсаулыққа әсері, жалпы өз денсаулығын күту және нығайту қабілеттері дамиды.

«Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму» бөлімінде көбеюдің түрлері, тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдары, тірі табиғаттың даму тарихы туралы білім беріледі. Бұл бөлімде жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсінеді, өз денсаулықтарына сақтықпен қарауға үйренеді. Шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің ұрпаққа әсер ету салдарын түсініп, зиянды әдеттерден аулақ болуға дағдыланады.

«Ағза мен қоршаған орта» бөлімі» бөлімі биосферадағы, экожүйедегі және популяциядағы тіршіліктің жүру үдерісі, экологиялық факторлар мен экологиялық сукцессиялар, адам әрекетінің экожүйеге әсері туралы мағлұмат береді. Мұнда білім алушылар жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін, тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін, пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін, экологиялық проблемалардың туындау себептерін анықтау және зерттеу қабілеттеріне ие болады.

Биохимияны оқу арқылы оқушылар тамақ өнеркәсібінен де, фармацевтика, медицина саласынан да хабардар болады.

Алғашқы биохимиялық мағлұматтар адамзатқа өте көне заманнан таныс. Мысалы, адам баласы өте ерте кезден – ақ нан пісіруді, шарап, дәрі – дәрмек жасауда, тері илеуде және т.б. биохимиялық процестерді пайдаланған. Бірақ, бұл адам баласының тәжірибесіне ғана негізделген білімдер еді.

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімінде ірімшік және йогурттың қалай өндірілетінін, антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын, қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын зерттейді.

Бағдарламаның ерекшеліктерінің бірі – теориядан гөрі тәжірибеге қарай бағытталуы болып табылады. Білім алушыға биологиялық білім беріп қана қоймай, алған білімдерін болашақта өмірінде қолдана алатындай жағдай жасау. Оны жүзеге асыру үшін жаттанды білім бермей, өз қолдарымен тәжірибе жасауға баулу.

Зертханалық тәжірибе жұмыстарын орындау кезінде білім алушылар алған деректердің негізінде жаңалықтар ашады, табиғаттағы заңдылықтарды өз беттерінше табады. Толымды тәжірибелерді жүргізу кезінде білім алушылар жоспарлау мен өз зерттеу сұрағына жауап табу мақсатында өзінің зерттеу жұмысын жүргізуді үйренеді.

Нәтижесінде:

- ✓ *Эксперименталды және тәжірибелік дағдылардың дамытады;*
- ✓ *Шынайы өмірмен ашық көрінетін байланыс орнайды;*
- ✓ *Қоршаған әлемді өз бетімен зерттеуге бағыттанушылық, биология сабағында тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін бар білімді қолдану дағдылары мен білімді қалыптастыруға бағыттанушылық пайда болады.*

«Биология» оқу пәнінің сабақ құрылымының негізгі элементтері:

Берілетін білімнің өзекті болуы, қарапайымнан күрделіге қарай дамыту, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, тірі организмдердің әрбір патшалығының тіршілік әреткеттерін зерттеу, биологиялық ашылуларды оқып-зерттеу т.б.[4].

Әрі қарай негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8 сыныптарына арналған оқулықтардағы тапсырмалар бойынша талдау нәтижелері беріледі.

11-кесте. 7- сыныпқа арналған «Физика» пәні бойынша оқулықтағы оқу тапсырмаларының мазмұнына талдау
Оқулық авторлары: Р.Башарұлы. «Атамұра» баспасы, 2017

Бөлім	**Оқу мақсаты**	**Оқулықтағы тапсырма үлгілері**	**Функционалдық сауаттылық, білік, дағды**
Физикалық шамалар мен өлшеулер	7.1.3.1- дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу;	 Сурет 1.19. Микрометр Егер шардың диаметрі микрометрмен (сурет 1.19) өлшенсе, онда оның дәлдігі микрометр шкаласында көрсетілгендей 0,01 см дәлдікпен анықталар еді. Мұндай жағдайда есептеп табылатын көлем де осындай дәлдікпен жазылады.	Оқушылар макрометрді пайдалана отырып өлшеу қателігін біледі.
Физикалық шамалар мен өлшеулер	7.1.3.2 – кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау;	**Практикалық тапсырма** 1. Сурет 1.13 бойынша аспаптар шкалаларының бөлік құндарын және көрсетулерін анықтап, төмендегі кестені толтырыңдар. Аспап аты | Өлшенетін физикалық шама | Аспап шкаласының бөлік құны | Физикалық шаманың мәні 1-мензурка 2-мензурка Секундомер	Кішкентай денелердің көлемін, бөлік құнын салыстыра отырып біледі.

Физикалық шамалар мен өлшеулер	7.1.3.1- дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу;	**2.** Өз сызғыштарыңның бөлік құнын анықтаңдар. Оны пайдаланып дәптердің ұзындығын және енін өлшеңдер. **3.** Үйде жататын бөлмеңнің ұзындығы мен енін өлшеуіш таспамен өлшеп, ауданын табыңдар. **4.** Цилиндрлік мензуркадағы (сурет 1.20) сұйықтың көлемін ***миллилитр*** және ***литр*** бойынша анықтаңдар. **5.** Цилиндрлік мензурканы пайдаланып, үйдегі немесе зертханадағы қабырғасы мөлдір ыдысты градуирлеңдер. Ол үшін миллиметрлік қағазды ыдыс қабырғасына жапсырып, әр бөлікке сәйкес келетін көлемдерді цифрлармен көрсетіп жазыңдар.  Сурет 1.20. Мензурка	Оқушылар мензурканы пайдалана отырып бөлік құнын анықтауды және денелердің ауданын табады.
Физикалық шамалар мен өлшеулер	7.1.3.2 – кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау;	**Практикалық тапсырмалар** **1.** Өз сызғыштарыңның ең үлкен аспаптық қателігін анықтаңдар. **2.** Өз сызғыштарыңмен физика оқулығының ұзындығын, енін және биіктігін анықтаңдар. Өлшеу нәтижелерін төмендегі кестеге жазыңдар. Өлшенетін шамалар (см) | Өлшеу нәтижелерін дұрыс жазу: $A=a\pm h_a$ | $(a-h_a)<A<(a+h_a)$ Оқулықтың ұзындығы | | Оқулықтың ені | | Оқулықтың қалыңдығы | |	Оқушылар кішкентай денелердің өлшемін қатарлау арқылы өлшеу қателігін анықтай алады.
Физикалық шамалар мен өлшеулер	7.2.1.1 – келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру – материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырма-	**Теориялық зерттеу** Қазақстанның еңбеккерлері 2016 жылы 23,7 миллион тонна дәнді дақылдар жинады. Астықтың 1 тоннасын сақтауға диаметрі 1 м биіктікті 2 м бөшке керек. Жиналған астықты осындай бөшкелерге салып, бірінің үстіне бірін қойса, олардың жалпы биіктігі Жерден Айға жете ме? Біреулер Айдан да асып кетеді дейді. Осы рас па? Сандарды ықшам түрде жазып, тексеріп көріңдер де өзара талқылаңдар.	Санақ жүйесін есептеу арқылы ықшам түрде жазып, тексере алады.

	лылығы, траектория, жол, орын ауыстыру		
Тығыздық (5 сағ)	7.2.2.12 – әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану	**Практикалық тапсырма** Төменде автомобильдің гидравликалық тежегішінің сызбасы кескінделген (сурет 4.28). Мұндағы: 1-тежегіш педалі, 2-поршені бар цилиндр, 3-тежегіш цилиндрлері, 4-тежегіш қалыптары, 5-тежегіш барабандары, 6-серіппе. Цилиндрлер мен түтікке сұйық толтырылған. Осы сызба бойынша тежегіштің қалай жұмыс істейтінін түсіндіріңдер.  Сурет 4.28. Мәшинеңің гидравликалық тежегішінің сызбасы	Гидравликалық тежегіштермен бөлшек атауын талдау арқылы таныса алады.
Тығыздық (5 сағ)	7.2.2.12 – әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану	**Практикалық тапсырма** 1. Стақанды суға толтырып, оны судың ішінде төңкеріңдер. Одан соң оны жайлап судан шығарыңдар. Сонда стақанның жиегі судың ішінде тұрғанда неге оның ішіндегі су төгілмейді? Жауаптарыңды түсіндіріңдер. 2. Стақанға жартылай су құйып, бетін бір парақ қағазбен жабыңдар. Қағазды қолмен басып тұрып, стақанды төңкеріңдер. Егер қолды қағаздан тартып алсақ, стақандағы су төгілмейді (сурет 4.33). Қағаз стақанның жиегіне жабысып қалғандай болады. Неліктен? Жауаптарыңды дәлелдеңдер. Сурет 4.33	Ауадығы қысым мен судағы қысым жайлы ақпартты жауап бере отырып біледі.
Тығыздық (5 сағ)	7.2.2.14 – сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау		Қатынас ыдыстарды пайдалана отырып тәжірибенің суретін салады және түсінік береді.

		Практикалық тапсырма **Қатынас ыдыстардағы сұйықтың деңгейін бақылау** *Қажетті жабдықтар*: резеңке түтікпен жалғастырылып, ішіне су толтырылған екі шыны түтік, штатив. *Тапсырманы орындау реті*. Суы бар түтіктің біреуін штатив қысқышына бекітіп, екінші түтікті әртүрлі бағытта қозғалтыңдар. Мұны су түтіктен төгіліп кетпейтіндей етіп, абайлап орындау керек. Түтіктердегі сұйық деңгейлері қалай орналасатынына назар аударыңдар. Дәптерлеріңе осы тәжірибелердің суреттерін салып, түсініктеме беріңдер.	
Тығыздық (5 сағ)	7.2.2.14 – сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау	Мұхит тұңғиығына тереңдеген сайын су салқындап, қараңғылық басып, қысым да арта береді (форзацтың 3-бетін қараңдар). Мұхит тереңінде өмір сүретін жануарлар ғаламат қысымға бейімделген. Сондықтан олар қысымы аз судың беткі қабаттарда өліп қалады. Мұхиттардың тұңғиығын және оңдағы тіршілік иелерін зерттеу үшін қуатты прожекторлармен және үлгілерді жинайтын механикалық «қолдармен» жабдықталған кішігірім субмариндер қолданылады. Американдық аппарат «Алвин» 4575 м, ал ресейлік «Мир» субмарині 6100 м тереңдікке дейін сүңгиді. Жапондық «Синкай-6500» (сурет 4. 47) субмарині тереңге сүңгудің рекордшысы болып табылады (6527 м). Мұхиттың алып жануарларының ішінде тереңге сүңгудің рекорды кашалоттарға тиесілі; олар ірі кальмарларды іздеп, 3 км тереңдікке дейін сүңгиді. Теориялық есептеулер жүргізіп, әрбір субмарин мен кашалотқа түсетін қысымды анықтаңдар. Денелердің жүзу шарттарын ескере отырып, олардың осындай тереңдіктерге қалайша сүңгі алатындықтарын өзара талқыландар. Сурет 4.47. Субмарин «Синкай – 6500»	Ауадығы қысым мен судағы қысым жайлы ақпартты жауап бере отырып біледі.

Денелердің өзара әрекеттесуі (9 сағ)	7.2.2.4 – серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау; 7.2.2.10 – масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату	**Теориялық зерттеу** **1.** 5.7-суретте көрсетілген денелердің қайсысында үстел бетімен және Жермен салыстырғанда энергия бар? Бұл қандай энергия және ол қандай формулалармен өрнектеледі? **2.** Мына жұмысты атқарыңдар. Серіппеге сызғышты жанастырып (сурет 5.8, а), ұзындығын өлшеңдер де, оған массасы *1 кг* шарды қойыңдар (сурет 5.8, ә). Пайда болған серпімділік күші неге тең? Қандай жұмыс жасалды? Бұл жұмыс қандай энергияның өзгерісі негізінде жасалды? Жазбаша жоба түрінде толық баяндаңдар.  Сурет 5.7  Сурет 5.8. Сығылған серіппе потенциалдық энергияға ие болады 148	Ауырлық күші мен серпінің күшін анықтау арқылы энергияның түрін анқтай алады.
Денелердің өзара әрекеттесуі (9 сағ)	7.2.2.4 – серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау;	**Теориялық зерттеу** Бір ұшы үстел бетіндегі шарикке бекітілген серіппені (сурет 5.10) қысып байлаған жіпті жағып жіберсе не болар еді? Мұнда энергияның қандай түрленуі орын алады? Серіппенің серпімділік күшінің жұмысын тәжірибеде анықтауға тырысыңдар. Оның мәнін теориялық есептеулеріндегі алынған шамамен салыстырыңдар. Жұмыс нәтижесін және жауаптарыңды үйірме отырысында талқылап, қабырға газетінде жариялаңдар.  Сурет 5.10. Сығылған серіппеге бекітілген шарик 152	Гук заңын пайдалана отырып серіппенің сығылуын тәжірибе арқылы анықтайды

Денелердің өзара әрекеттесуі (9 сағ)	7.2.2.10 – масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату	**Жаттығу 5.6** 1. Төменде көрсетілген (сурет 5.20) иіндіктердің тірек нүктелерін және күш иіндерін сызба түрінде анықтаңдар. 2. Сурет 5.20-дан а) және ә) жағдайларын қарастырыңдар. Таяқтағы жүктің қай орналасуында оның ауырлық күшінің моменті үлкен болады? Сурет 5.20	Суреттен салыстыру арқылы күш моментін анықтайды. Механиканың алтын ережесімен таныс болады.
Денелердің өзара әрекеттесуі (9 сағ)	7.2.2.9 – денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау	3. Сақтандырғыш клапанның (сурет 5.21) қимасына қарап, бу клапаннан шықпас үшін иіндікке қандай жүк ілуге болатынын есептеңдер. Қазандағы будың қысымы қалыпты атмосфералық қысымнан 12 есе артық. Клапанның ауданы $S=3$ см². Иіндік пен клапанның салмағы ескерілмейді. Күштердің иіндерін суреттен өлшеп табыңдар. Егер қазандағы будың қысымы артатын немесе кемитін болса, жүкті қай жаққа жылжыту керек? Жауаптарыңды негіздеңдер.  Сурет 5.21  Сурет 5.22	Суреттен салыстыру арқылы күш моментін анықтайды. Механиканың алтын ережесімен таныс болады.
Денелердің өзара әрекеттесуі (9 сағ)	7.2.2.9 – денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау	**Практикалық тапсырма** Сендерге мына құралдар беріледі (сурет 5.26) (жоқтарын жинап аласыңдар): сызғыш-иіндік, сым тұзағы бар массасы 10 *г* гір, массасы белгісіз дене (мысалы, саф алтыннан жасалынды деген бұйым). Осы дененің массасын анықтаңдар. Алған нәтижелеріңнің дұрыстығын таразыда өлшеу арқылы тексеріңдер. Бұйымның саф алтыннан жасалғанын қалай анықтауға болады? Тәжірибе жасап көріңдер. Сурет 5.26	Суреттен салыстыру арқылы күш моментін анықтайды. Механиканың алтын ережесімен таныс болады.

Денелердің өзара әрекеттесуі (9 сағ)	7.2.2.8 – күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету;	**Теориялық зерттеу** 7-сынып физикасы көлемінде алған білімдерің кез келген метеориттің ең аз кинетикалық энергиясын оның Жер бетінде қалдырған кратерінің диаметрі бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Америка аймағында Жермен соқтығысып, диаметрі 1265 м кратер (сурет 6.16) қалдырған метеориттің кинетикалық энергиясын есептеңдер. Метеориттің массасы белгісіз. Метеориттердің орташа жылдамдығы 20 км/с. Кратерден шыққан жер топырағының орташа тығыздығы 1500 кг/м³. Зерттеу гипотезаларының бірі бойынша жарылыс кезінде кратер сферасының жарты көлемін алып жатқан топырақ оның диаметріндей биіктікке көтерілуге тиіс. Әйтпесе кратер пайда болмас еді. Көтерілген топырақтың бір бөлігі кратердің кемерінен аса лақтырылған, біраз бөлігі кратер табынана қайта шоккен. Зерттеулеріңде құлаған метеориттің массасының қанша болғанын да шамалаңдар. Сурет 6.16. Метеориттік кратер	Ауырлық күші мен үйкеліс күшін анықтау арқылы энергияның түрін анқтайды және бүкіл әлемдік тартылыс заңымен таныс болады.

12-кесте. 8- сыныпқа арналған «Физика» пәні бойынша оқулықтағы оқу тапсырмаларының мазмұнына талдау
Оқулық авторлары: Н. Закирова, Р.Аширов. Арман-ПВ, 2018

Бөлім	**Оқу мақсаты**	**Оқулықтағы тапсырма үлгілері**	**Функционалдық сауаттылық, білік, дағды**
8.1 А Жылу құбылыстары	8.3.1.1 – молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау	**Шығармашылық тапсырма** Төмендегі тақырыптардың бірі бойынша хабарлама дайындандар: 1. «Шынайы өмірдегі броундық қозғалыс теориясы» немесе «Далада немесе орманда адассаң, өзінді қалай ұстауың керек». 2. Тұрмыстағы және техникадағы диффузия. 3. Ғалымның өмірінен (Р.Клаузиус, Дж.Джоуль, Дж.Максвелл, Л. Больцман, М.Ломоносов, Р.Броун, Ж.Перрен, А.Эйнштейн) мәлімет.	Оқушылар хабарлама беру арқылы тұрмыстағы және техникадағы диффузия тақырыбына дәлелдейтін мысалдар келтіре алады
8.1 А Жылу құбылыстары	8.3.2.1 – дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау;	**Тапсырма** 1. Ішкі энергияны өзгерту тәсілдерінің ішкі энергияны арттыра да, кеміте де алатын түрлерінің әрқайсысына екі мысалдан келтіріңдер. 2. Венн диаграммасын құрып, дененің ішкі энергиясын механикалық энергиямен салыс-тырыңдар.  **Бұл қызық!**	Дененің ішкі энергиясымен механикалық энергияны салыстыра отырып өзгеру тәсілдерінен ұқсастығына байқайды

<table>
<tr>
<td>8.1 А Жылу құбылыстары</td>
<td>8.3.2.3 – техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру</td>
<td>
Жауабы қандай?
Неге қазақтар және басқа да көшпенді халықтар көбінесе ағаштан жасалған ыдыс-тарды қолданған?

Ұлттық ыдыс-аяқ. Алматы қ.
</td>
<td>Оқушылар тұрмыстық заттарға жылу беру түрлерін жауап бере отырып анықтайды</td>
</tr>
<tr>
<td>8.1 А Жылу құбылыстары</td>
<td>8.3.2.3 – техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру</td>
<td>
Тапсырма
Жылуберілу түрлеріне салыстырмалы кесте құрастырыңдар. Салыстыру параметрлерін оқулықты оқып толықтыруға болады.
<table>
<tr><th colspan="4">Жылуберілу түрлері</th></tr>
<tr><th>Салыстыру параметрі</th><th>Жылуөткізгіштік</th><th>Конвекция</th><th>Сәуле шығару</th></tr>
<tr><td>Жылуберілу мүмкін болатын орта</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жылуберілу техникасы</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Зат тасымалы</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Қорытынды жасандар: жылуберілудің үш түрінің ортақ қасиеттері және айырмашылығы қандай?
</td>
<td>Жылу берілудің түрлерін салысытырып, текникадағы және тұрмыстағы жылу беру түрлерінің параметрлерін біледі.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>8.1 А Жылу құбылыстары</td>
<td>8.3.2.3 – техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру</td>
<td>
Тапсырма
«Табиғаттағы және техникадағы жылуберілу» кестесін құрастырыңдар.
<table>
<tr><th>Қолданылу аймағы</th><th>Жылуөткізгіштік</th><th>Конвекция</th><th>Сәуле шығару</th></tr>
<tr><td>Табиғатта, тұрмыста және техникада</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
2
</td>
<td>Жылу берілудің түрлерін салысытырып, текникадағы және тұрмыстағы жылу беру түрлерінің параметрлерін біледі.</td>
</tr>
<tr>
<td>8.1 А Жылу құбылыстары</td>
<td>8.3.2.5 – жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау;</td>
<td>
<table>
<tr><th>Отын түрі</th><th>Көміртегі мөлшері, %</th></tr>
<tr><td>Ағаш отын</td><td>50</td></tr>
<tr><td>Шымтезек</td><td>60</td></tr>
<tr><td>Қоңыр көмір</td><td>64–77</td></tr>
<tr><td>Табиғи газ (метан)</td><td>74</td></tr>
<tr><td>Таскөмір</td><td>75–80</td></tr>
<tr><td>Мұнай</td><td>86</td></tr>
<tr><td>Мазут</td><td>86–88</td></tr>
<tr><td>Антрацит (көмір)</td><td>90–95</td></tr>
</table>
Тапсырма
Кестеде берілген отынның қай түрі жанған кезде көбірек жылу мөлшерін бөлетінін анықтаңдар.
</td>
<td>Отынның жанған кезде жылу мөлшерінің мәнін салыстыра отырып анықтайды</td>
</tr>
</table>

8.1 В Агрегаттық күйлер	8.3.2.6 – заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру	**Жауабы қандай?** 0°-тағы су мен мұздың айырмашылығы қандай?  ***38-сурет.*** *Мұздың кристалдық торы*	Оқушылар мұздың кристалды торы арқылы агрегаттық күйін анықтай алады.
8.1 В Агрегаттық күйлер	8.3.2.6 – заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру	**Тапсырма** Салыстырмалы кестені толтырыңдар: Жылу құбылысы | Орындалу шарттары | Негізгі белгілері Қыздыру Балқу Суу Қатаю	Кестені пайдалана отырып жылу құбылыстарының жай күйін анықтамасын жаза отырып біледі.

8.2 А Термодинамика негіздері	8.3.2.9 – жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану	**Тапсырма** 1. Параграфта берілген қаныққан булар қысымы кестесімен танысып, келесі сұрақтарға жауап беріңдер: - Қысымы 101,3 кПа атмосфералық қысымнан артық заттарды тез буланатын сұйықтар деп санауға бола ма? - Неліктен Жер бетінде азоттан және оттектен тұратын өзен, көлдер жоқ? 2. Тез буланатын сұйықтарға мысал келтіріңдер.	Қаныққан бу кестесімен таныса отырып, буланатын сұйықтарға мысал келтіреді.
8.2 А Термодинамика негіздері	8.3.2.20 – іштен жану қозғалтқышының, бу турбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау	 **Тапсырма** 61-суретті пайдалана отырып, ІЖҚ-ның негізгі бөліктерін атаңдар. *61-сурет. Іштен жану қозғалтқышының (ІЖҚ) құрылысы*	Іштен жану қозғалтқышының бөлшектерін атай отырып, жұмысымен таныс болады.
8.2 А Термодинамика негіздері	8.3.2.23 – жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау.	**Тапсырма** Өз қалаларыңдағы барлық автокөліктің жыл бойы шығаратын улы заттарының орта мәндерін анықтаңдар.	Қоршаған ортаның экологиялық әсерін бақылау үшін улы заттардың әсерін біледі.

8.2 А Термодинамика негіздері	8.3.2.23 – жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау.	**Тапсырма** Егер 4 адамнан тұратын отбасының мәшинесі күніне 3 сағат жұмыс істейтін болса, оларға қанша ағаш отырғызу керек екендігін есептеңдер.	Қоршаған ортаның экологиялық әсерін бақылау үшін улы заттардың әсерін біледі
8.2 В Электростатик негіздері	8.3.2.21 – жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну	**Тапсырма** Тұрмыс пен техникадағы электрлену процесіне мысалдар келтіріңдер.	Қоршаған ортаның экологиялық әсерін бақылау үшін улы заттардың әсерін біледі
8.2 В Электростатик негіздері	8.4.1.3 электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру;	**Өз тәжірибең** 1. Электрофор мәшинесінің бір полюсінен, содан кейін әр аттас полюстерден заряд-талатын «сұлтандар» айналасындағы электр өрісінің күш сызықтарын бақылаңдар. Бұл көрініс 83-суретпен салыстырыңдар. 2. Екі әр аттас зарядтар өрісіндегі дененің қозғалысын бақылаңдар. Жібек жіпке мақтаның кішкентай бөлігін іліп қойыңдар. Мақтаны электрофор мәшинесінің электрленген шар-ларының біреуімен жанастырыңдар. Мақта бөлігі басқа шарға секіріп кетеді де, содан соң қайта біріншісіне оралады. Егер электрофор мәшинесінің шарына берілген заряд үлкен болса, қозғалыс қайталанады. Бұл құбылысты түсіндіріңдер.	Оқушылар электрофор машинасымен таныса отырып, әр аттас зарядтардың полюстерін ажыратады.

8.2 В Электростатик негіздері	8.4.1.6 - электр өрісі ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру және оның күштік сипаттамасын анықтау;	**Тапсырма** *110-сурет* бойынша айнымалы резистордың құрылысы мен жұмыс істеу принципін түсіндіріндер.  ***110-сурет.*** *Айнымалы сымдық резистор*	Резистордың бөлшектерімен таныса отырып айнымалы қозғалысына қарай кедіргі жайлы ақпарат біледі
8.3 А Тұрақты электр тогы	8.4.2.11 – өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу	**Өз тәжірибең** Тізбектей жалғау заңдарының орындалатынына көз жеткізіндер. Ток көзінен, кілттен, екі тізбектей жалғанған резистор мен амперметрден тұратын тізбек құрастырындар. Резисторлардағы кернеу мен жалпы кернеуді өлшеу үшін үш вольтметрді пайдаланындар (112-сурет).  ***112-сурет.*** *Тізбектей жалғанған өткізгіштердегі кернеуді өлшеу*	Кернеулерді өлшеу арқылы жалғаулардың түрлерін анықтайды.
8.3 А Тұрақты электр тогы	8.4.2.9 – өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы алу;	**Тапсырма** Бірдей өткізгіштердің жалпы кедергісі $R = R_1 \cdot n$ болатынын дәлелдеңдер, мұндағы R – өткізгіштердің жалпы кедергісі, R_1 – бір өткізгіштің кедергісі, n – өткізгіштер саны.	Тізбектей жалғауда кедергіні өткізгіштер санымен анықтауды үйренеді.

8.3 А Тұрақты электр тогы	8.4.2.10 – өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы анықтау;	**Тапсырма** 1. Жалпы кедергіні есептеуге арналған формуланы пайдаланып, параллель жалғанған бірдей резисторлардың жалпы кедергісі $R = \frac{R_1}{n}$ болатынын дәлелдендер. 2. Өткізгіштердің жалғануын сипаттайтын шамалардың салыстырмалы кестесін құрандар.	Кедергіні анықтау формуласын пайдалана отырып, резистордың жалпы кедергісін біледі.
8.3 А Тұрақты электр тогы	8.4.2.10 – өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы анықтау;	саны тізбекке жалғанған өткізгіштердің санымен анықталады. **VI Өткізгіштерді аралас жалғауды есептеу** Өткізгіштерді аралас жалғауды есептеуді тізбектей немесе параллель жалғауға көшуге мүмкіндік беретін тізбек бөлігінен бастау керек (115, 116-суреттер). **Тапсырма** Әр кедергінің мәнін 1 Ом-ға тең деп алып, 115, 116-суреттерде көрсетілген өткізгіштердің жалпы кедергісін анықтандар.  *115-сурет. Тізбектей жалғауға эквивалентті аралас жалғау*  *116-сурет. Параллель жалғауға эквивалентті аралас жалғау*	Өткізгіштерді параллел және тібектей жалғау арқылы жалпы кедергіні анықтайды.

8.3 А Тұрақты электр тогы	8.4.2.10 – өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы анықтау;	**Өз тәжірибең** Сұлбасы 119-суретте бейнеленген тізбекті құрастырыңдар. Тізбектегі токтың әртүрлі мәнінде шамдағы ток қуатын анықтаңдар. Ток қуатының қандай мәнінде тізбекке әрекет ететін ток қарқындырақ болады?  ***119-сурет.*** *Шам қуатын анықтау*	Өткізгіштерді параллел және тібектей жалғау арқылы жалпы кедергіні анықтайды.
8.3 А Тұрақты электр тогы	8.4.2.12 – жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда қолдану	**Тапсырма** 1. Электресептеуіш аспаптың көрсеткіші бойынша (120-сурет) бір айда жұмсалған энергияның мөлшерін анықтаңдар. ***120-сурет.*** *1 ай интервалындағы электресептеуіш аспаптың көрсеткіші* 2. Өздерің тұратын аймақтағы тариф бойынша бір адамның тұтынатын энергиясының құнын есептеңдер. Егер пәтерде үш адам тұратын болса, электр энергиясының төлемі өзгере ме?	Тұрмыстағы техникаларды пайдалана отырып тұтынатын энергиясының құнын анықтайды.

8.3 А Тұрақты электр тогы	8.4.2.17 – қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу амалдарын түсіндіру;	 а) ә) б) *126-сурет. Қысқа тұйықталу* **Тапсырма** 126-суретте көрсетілген қысқа тұйықталудың себебін түсіндіріңдер.	Тұрмыстағы техникаларды пайдалана отырып тұтынатын энергиясының құнын анықтайды.
8.3 В Электромагниттік құбылыстар	8.4.2.18 – сұйықтардағы электр тогын сипаттау.	**Өз тәжірибең** 132-суретте көрсетілген құрылғыны жинап, тәжірибе жүргізіңдер. *132-сурет. Электролит ерітіндісі электр тогын өткізеді*	Сұйықтардағы электр тогын тәжірибе жүргізу арқылықұрылғын жинауды үйренеді.

8.4 А Жарық құбылыстары (15сағ)	8.5.1.12 – линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графиктік есептер шығару үшін қолдану;	2. 202-суретте дене S, оның кескіні S′ және бас оптикалық ось берілген. Кескін салу арқылы сфералық айнаның төбесінің орнын және фокусын анықтаңдар.  **202-сурет.** *30.2-жаттығуға (үй жұмысы) арналған сурет*	Оқушлыра Оптикалық ось арқылы сфералық айнаның төбесінің орныны және фокусын анықтай алады.

13-кесте. 7- сыныпқа арналған «Биология» пәні бойынша оқулықтағы оқу тапсырмаларының мазмұнына талдау
Оқулық авторлары: Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева «Мектеп» баспасы, 2017

Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	**Оқыту мақсаттары**	**Оқулықтағы тапсырма үлгілері**	**Функционалдық сауаттылық, білік, дағды**
Экожүйелер			
Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, pH, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)»	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу	1 Жарық, жылу және суды тұтыну дәрежесі бойынша мына өсімдіктерді ажыратыңдар: тұқпы ық — шырша — мақта — кактус — қарағай — сұлы — 2 Өсімдіктердің қоршаған ортаның кейбір факторларының жетіспеушілігіне бейімделуін анықтандар. Кестені дәптерге сызып толтырыңдар. Өсімдіктер | Бейімделу | Осы бейімделуді тудыратын қоршаған орта шарттары Кактус Жантақ Қарағай Алоэ Інжүгүл Ергежейлі қайың Орамжапырақ	Экологиялық факторлардың түрлерін біледі Кестені толтырып, өсімдіктердің тіршіліге әсер ететін факторларды, өсімдіктердің қоршаған ортаға бейімделуін түсінеді. Экожүйесінің қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттейді

		1-зертханалық жұмыс **Өз мектебің орналасқан аумақтағы экожүйені зерттеу және сипаттау** **Жұмыс мақсаты:** осы экожүйедегі түрлердің өзара әрекеттесу типтерін айқындау (мектеп ауласындағы өсімдіктердің мысалында). **Құрал-жабдықтар:** "Түрлі табиғи зоналардың биоценоздары" кестесі, кеппеөсімдіктер және нұсқау беретін карточкалар. **Жұмыс барысы:** **I.** 1. Мектеп аумағындағы өсімдіктердің жіккабаттарын ажыратындар (ағаштардың, бұталардың, шөптердің биіктіктері бойынша орналасуы) және әр жіккабаттағы өсімдіктердің түрлік құрамын сипаттандар. 2. Өсімдік жіккабаттары қандай факторларға байланысты қалыптасатынын атап көрсетіңдер (жарық, температура, ылғалдылық). 3. Сендер зерттеген өсімдіктерге қоршаған орта факторларының қалай әсер ететінін анықтандар. 4. Өсімдіктерге антропогендік фактор (мектеп аумағын оқушылардың таптап тастауы) қалай әсер етеді? 5. Мектеп аумағындағы өсімдіктерді қалай күтіп-баптайтындарынды сипаттандар (өсімдіктерді суару, гүлзарларды арамшөптерден тазарту, топырақты қопсыту, құстар үшін жайлы жағдайлар туғызу).	
Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу «Қоректік тізбек пен торды құру»	7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру	1 Географиядан алған білімдеріне сүйене отырып, дала экожүйесіне арналған қарапайым қоректік тізбек құрастыры ндар. 2 **Білімпаздар үшін!** Сүт өнімдерін жақсы көретін ағылшындар фаунасын сиырлармен толықтырды. Бірақ күтпеген жағдай орын алды. Көк өсімдіктер дүниесін улап, топырақ эрозияға ұшырай бастады. Осы жағдайды қалай жөндеуге болады? **Өз бетіңше талдау жаса:** Мен меңгердім. Бүгін мен білдім. Менің білгім келеді. 14	табиғи қоректік тізбектерді салыстырады; географиядан алған білімдерін пайдаланып, қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру

		Модельдеу. "Қоректік торды құру". 1. Дөңгелекшелерге бірін-бірі корек ететін организмдердің нөмірлерін жазып, коректік тор сұлбасын дәптерге сызып толықтырыңдар. 2. Дәл осы мысалға коректік тізбек құрастырыңдар.  	
Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы	7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау	Сызбанұсқаны дәптерге сызып, өсімдіктер бірлестігінің алмасу себептерін жазыңдар.  	Бірінші және екінші реттік сукцессиялардың ерекшеліктерін түсіндіреді. Сызбанұсқа арқылы, өсімдіктер бірлестігінің алмасу себебін түсіндіреді.

Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау	 1 Сұлбаны дәптерге сызып, ресурс үнемдеу технологиясының негізгі бағыттарын жазыңдар . 2 Сұлбаны дәптерге сызып, судың ластану көздерін анықтаңдар. Нәтижесінде қандай организмдер зардап шегуі мүмкін ? Мысал келтіріңдер. 3 Саяхатшы табиғат аясында қандай ережелерді сақтауы тиіс ?	Сызба арқылы адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттайды. Судың ластану көздерін атап, кестеге жазады. Табиғат аясына шыққанда қандай ережелерді сақтау қажеттігін әңгімелейді.
Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері	7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру	 1 Берілген мысалдарды пайдаланып адамның экожүйеге пайдалы және кері әсерін бөліп көрсетіп, кестені дәптерге сызып толтырыңдар. Экожүйеге адамның әсері Пайдалы | Кері 1. Ормандарды жайылымға айналдыру. 2. Жаппай аңшылық. 3. Ормандарды кесу. 4. Қаскерлік. 5. Металлургия өндірісі. 6. Өсімдіктерді өсіру. 7. Егістіктерде тыңайтқыштарды пайдалану. 8. Қорықтар ұйымдастыру. 2 Ауылшаруашылығы қалайша экожүйені қауіпті ластаушылардың бірі болып табылады? Сұлбаны дәптерге сызып, мысалдармен толықтырыңдар. Ауылшаруа-шылығы	Түрлі факторларды мысалаға ала отырып, экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларын сипаттайды. Адам іс-әрекеттірінің экожүйеге пайдалы және кері әсерін кесте толтыру арқылы сипаттайды.
Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау	 Тапсырма: Қорғалатын табиғи аумақтарға анықтама беріңдер. Қорық — Қорықша — Ұлттық саябақ —	Қазақстандағы және жергілікті жердегі ерекше қорғалатын аймақтарын атап, оның ерекшеліктерін сипаттайды. Қорық, қорықша, ұлттық саябақтардың бір бірінен

			қалай ерекшеленетінін әңгімелейді.
Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері	7.3.2.4 жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру		Өзі тұратын аймақтың Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысалдар келтіріп, оларды қорғау шараларын айтады.
Тірі ағзаларды жүйелеу			
Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйелеуде тірі ағзалардың орынын анықтау		Тірі ағзалардың бес патшалығын: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарларды жүйелей алады. Патшалықтар, типтер, бөлімдер, кластар деңгейлерінде тірі ағзалардың орынын анықтай алады.

Топ жұмысы:

Ұсынылған өсімдіктің жүйелік орнын анықтау.
Ұсынылған өсімдікке морфологиялық сипаттама беру.

Өсімдікті морфологиялық сипаттау жоспары

1. Өсімдік атауы.
2. Тіршілік формасы (ағаш, бұта, бұташық, шөп).
3. Біржылдық немесе көпжылдық өсімдік.
4. Тіршілік ету ортасы.
5. Түрдің аймақта және Қазақстан аумағында таралуы.
6. Қорытынды жасау.
7. Жасалған жұмыс бойынша есеп беру.

1 Жабайы шомыр, жүгері өсімдіктерінің жүйелік орнын дәптерге жазып көрсетіңдер.

Жабайы шомырдың жүйелік орны	Жүгерінің жүйелік орны
Патшалық — Бөлім — Класс — Тұқымдас — Туыс — Түр —	Патшалық — Бөлім — Класс — Тұқымдас — Туыс — Түр — Сұрпы —

2 Неміс овчаркасының, қазақтың ақ басты ірі қара мал тұқымының жүйелік орнын анықтап дәптерге жазыңдар.

Үй иті	Үй сиыры
Патшалық — Тип — Класс — Отряд — Тұқымдас — Туыс — Түр —	Патшалық — Тип — Класс — Отряд — Тұқымдас — Туыс — Түр —

<table>
<tr>
<td>Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер</td>
<td>7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттау</td>
<td>
2 Қандай жануарлар омыртқасыздарға жатады? Мысал келтіріңдер.


3 Кестені дәптерге сызып толтырыңдар.
<table>
<tr><th>№</th><th>Омыртқалы жануарлар класы</th><th>Олардың сипаттамасы</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Балықтар</td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Қосмекенділер</td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Жорғалаушылар</td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Құстар</td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Сүткоректілер</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Суреттерге қарап, кестені толтыру арқылы омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттай алады.</td>
</tr>
<tr><td colspan="4">Жасушалық биология
Су және органикалық заттар</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға</td>
<td>7.4.2.1 «жасуша», «ұлпа», «мүше», «мүшелер жүйесі» туралы түсініктер;
7.4.2.2 өсімдіктер және жануарлар жасушаларын ажырату</td>
<td>Кестені дәптерге сызып, берілген белгілер қай жасуша түріне тән болса, тұсына "+" таңбасын қойындар .

<table>
<tr><th rowspan="2">1</th><th rowspan="2">Белгілері</th><th colspan="2">Жасуша</th></tr>
<tr><th>Өсімдіктер</th><th>Жануарлар</th></tr>
<tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Ядроның болуы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Жасушаның ішкі кеңістігі цито-плазмамен толтырылған</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Асқорыту вакуольдерінің болуы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Жасуша қабықшасы тығыз, целлюлозалы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Жасушаның ішіндегілері қа-бықшалармен бөлінген</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>6</td><td>Жасуша шырынына толған ірі вакуоль болады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>7</td><td>Фотосинтездеуші жасыл жасу-шалар</td><td></td><td></td></tr>
</table>

Все учебники Казахстана на OKULYK.KZ
Жалғасы
<table>
<tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td></tr>
<tr><td>8</td><td>Жиырылғыш вакуоль болады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>9</td><td>Пластидтердің үш түрінің болуы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>10</td><td>Жасуша қабықшасы жұқа, созылғыш</td><td></td><td></td></tr>
</table>

Төменде берілген жасушалар өсімдіктердің қай ұлпасына жататынын анықтандар. Бұл үшін дәптерге өсімдік ұлпаларының атауын жазып, олардың қасына осы ұлпалардың құрамына кіретін жасушалардың реттік нөмірін жазу керек.
1. Қабық жасушасы
2. Жеміс шырыны жасушасы
3. Сүзгілі түтікшелер
4. Жапырақ жүйкесі
5. Өсу конусының жасушасы
6. Шірнелік
7. Камбий жасушасы
8. Тоз жасушасы
9. Жапырақ жұмсағының жасушасы
10. Түтікшел ер</td>
<td>Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстырып, кестені толтырады.

Өсімдіктер және жануарлар жасушаларындағы басты айырмашылықтарды атайды.

Пластидтердің түрлерін және олардың атқаратын қызметтерін түсіндіреді.</td>
</tr>
</table>

Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс «Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу». Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеттері үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау	1 Сол және он бағанын сәйкестендіре отырып, жасушадағы судың рөлін ашындар. 1. Жасушаның сөрпімділігін қамтамасыз ету: жасушаның суды жоғалтуының салдары — а) баяу қызу және суу қабілетіне қарай 2. Химиялық реакцияның жылдамдауы — ә) жапырақтардың солуы, жемістердің кебуі 3. Жылу реттелу процесіне қатысуы — б) жасушадағы заттардың еруі есебінен 4. Зат алмасуды қамтамасыз ету — в) заттардың жасушаға түсуі және олардың жасушалардан ерітінділер түрінде шығуы 2 Сұлбаны дәптерге сызып, құрғақшылықта тіршілік ететін көптеген өсімдіктер мен жануарлардың су тапшылығына бейімделуін түсіндіріңдер. Өсімдіктер Жануар лар 1 Мәтінді дәптерге толықтырып жазындар. Кез келген жасушаның құрамына ... химиялық элементтер кіреді. Бұл — ... және ... табиғатының тұтастығының дәлелінің бірі. Сандық мөлшері бойынша тірі организм құрамына кіретін химиялық элементтер ... және ... бөлінеді. Жасуша массасының 98%-ын құрайтын элементтер — ... . Оларды ... атайды. ... жасуша көлемінің 0.01%-ын құрайды . 2 Жасушадағы элементтер және олардың маңызы арасындағы сәйкестікті анықтандар. — ДНҚ, РНҚ, АТФ құрамындағы элемент _____ — нәруыздардың ауыстыруға болмайтын құрамбөлігі _____ — эндемиялық зоб ауруы дамуының алдын алады _____ — жануарлардың қаңтізіліміне әсер етеді _____ — жетіспеген жағдайда өсімдіктерде бос дәнділікке әкеледі _____ а) йод ә) мыс б) фосфор в) марганец г) күкірт	Тіршілік үшін судың маңызының қандай екенін мысалдар келтіре отырып, түсіндіреді. Тірі ағзалардың тіршілігіндегі микро- және макроэлементтердің атқаратын ролін сипаттайды. Биолодогиялық диктант жазу арқылы жасуша құрлымын білетін болады. Тірі ағзаларды құрайтын жасушалардың құрамына кіретін элементтерді атап, олардың құрамы мен қызметтері арсындағы байланыстарды орнатады.

Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс «Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу»	7.4.1.3 азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдеу	**Тапсырмалар:** 1 Құрамында нәруыз, көмірсу, май мөлшері көп азық-түлік тізімін жасаңдар. Дәптерге жазыңдар. Нәруыздар — Көмірсулар — Майл ар — 2 Адам үшін тамақ өнімдерінде нәруыздардың, майлардың, көмірсулардың болуының маңызды себептерін көрсетіп, сұлбаны дәптерге сызып толық-тырыңдар.  **3-зертханалық жұмыс** **Азық-түлікте көмірсулар, нәруыздар, майлар барын дәлелдеу** **Жұмыстың мақсаты:** тәжірибе арқылы азық-түлік құрамындағы нәруыздар, көмірсулар, майларды зерттеу. **Құрал-жабдықтар:** су, йод тұнбасы, келі, сүзгіш қағаз, сынауық, шыны таяқша, тамшуыр, картоп түйнегі, күнбағыс, бидай тұқымы, ет түйірі. **Жұмыс барысы:** 1. Бидай дәнін келіде ұн қылып үгіндер, оны сулап қамыр дайындандар. Қамырды дәкемен орап, суы бар стаканға салып бұлғандар. Лай тұнба түзіледі. Стаканнан лай тұнбаның бір бөлігін сынауыққа құйындар да, оған 2-3 тамшы йод тамызындар. Сұйықтық қандай түске боялды? Йод тамшысын кесілген картоп түйнегіне тамызындар. Бұл өзгерістер қандай заттардың бар екенін айғақтайды? 2. Күнбағыс тұқымының бірнешеуін алып, оларды қабығынан тазартып және оны ақ қағаз бетінде жаншып тастандар. Сонда не көрдіндер? Қағаздағы дақтарға қарап қандай заттар бар екенін айтуға бола ма? 3. Ұсақ туралған ет кесектерінің бірнешеуін сынауыққа салып, су құйып, оны жақсылап араластырындар. Сутек асқын тотығының ерітіндісін құйындар. Егер азық-түлікте нәруыз болса, онда сутек асқын тотығының ерітіндісін құйғанда көбік түзіледі. Сендер нені бақыладындар? 4. Азық-түлік құрамындағы органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар туралы қорытынды жасаңдар.	Азық-түлік құрамындағы органикалық заттарды анықтайды. Ондағы нәруыздар, майлар, көмірсулардың маңызын сипаттайды. Сызбанұсқаны толтыру арқылы адам ағзасы үшін тамақ құрамындағы органикалық заттардың қандай маңызды роль атқаратынын түсіндіреді.

<table>
<tr>
<td>Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі жәнефосфорлы)</td>
<td>7.1.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын танып білу</td>
<td>

Тапсырмалар:

1. Келтірілген тыңайтқыштар тізімінен қайсысы органикалық, қайсысы минералдық тыңайтқыштарға жататындығын анықтаңдар және кестені дәптерге сызып толтырыңдар: күл, құс саңғырығы, суперфосфат, көң, селитра, шымтезек, несепнәр.

Тыңайтқыш	
Органикалық	Минералдық

2. Кестені дәптерге сызып толтырыңдар.

Минералдық тыңайтқыш-тардың түрлері	Өсімдік мүшелеріне әсері	Топыраққа енгізу мерзімі
Азотты		
Фосфорлы		
Калийлі		

Кестені дәптерге сызып, дұрыс жауаптардың нөмірлерін үш бағанға бөліп жазыңдар.

Азот тыңайтқышы	Калий тыңайтқышы	Фосфор тыңайтқышы

1. Тамырының, піязшығының, түйнегінің өсуін арттырады.
2. Жемістері қышқыл болады.
3. Сабақтары мен жапырақтарының өсуін тездетеді.
4. Жемістерінің массасын арттырады.
5. Өсімдіктің суыққа төзімділігін арттырады.
6. Дәндерінде майдың жинақталуына әсер етеді.
7. Бүйір өркендері тарамдалмайды.
8. Жемістердің пісуін тездетеді .

</td>
<td>Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығының зардаптарын түсінеді. Азот, калий, фосфордың өсімдік тіршілігінде маңызын түсіндіреді.

Минералды тыңайтқыштар: азот, калий және фосфорды топыраққа қай кезде және неліктен енгізу қажеттегін біледі.

Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі	8.1.2.2 тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін сипаттау; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтау	**Білу және түсіну:** 1. Ағзаға тіс не үшін қажет екенін түсіндіріңдер. 2. Кіреуке дегеніміз не? Ол қандай рөл атқарады? 3. Тістің сыртқы және ішкі бөліктері мен қабаттарын атаңдар. **Қолданылуы:** 1. Тіс қаптамасы, мойны мен түбірінің қызметін сипаттаңдар. 2. Тіс типтері (құрылысы бойынша) мен олардың рөлі арасындағы байланысты анықтаңдар. 3. Кіреуке, дентин мен жұмсақ ұлпасының (пульпа) рөлі қандай? **Талдау:** 1. Тістің зақымдану себептері туралы пікірлеріңді айтыңдар. 2. 33-суретті қарап, бейнеленген тіс бөліктерінің қызметін түсіндіріңдер. 3. Гигиена ережелерін сақтау тістерді сақтауға мүмкіндік беретінін мысалдар келтіріп дәлелдеңдер. **Синтез:** 1. Типтерге бөлінген тістер неліктен тек сүтқоректілерде пайда болғанын талқыланда. 2. «Адам тістерінің жеке және тарихи даму барысында өзгеруі» деген тақырыпқа эссе жазыңдар. **Бағалау:** 1. «Тісті сақтауға арналған жаднама» жасаңдар. Оны жарнама өнімі ретінде түрлі түсті буклет және т.б. түрінде рәсімдеңдер. 2. М. Әлімбаевтің: «Асығыс жеген тамақ асқазанға түскен тас сияқты» деген пікірі мен қазақ халқының «Ауру ауыз арқылы кіреді» деген мәтелін талқыланда және бағалаңдар. Кез келген тісте жүретін жұқпалы ауру үдерісі (инфекциялық) асқорыту мүшелеріне ғана емес, бүкіл ағзаға әсер ететінін дәлелдеңдер.	Тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін сипаттайды. Адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтайды.

Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, B_1 авитаминоздағы бери – бери ауруы, С авитаминоздағы қырқұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс «Тағамдық заттар құрамынан С дәрумені анықтау»	8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түлік тізімін жасау; 8.1.2.7 азық түлік құрамындағы С дәруменін анықтау	*№5 зертханалық жұмыс* **Азық-түлік құрамындағы С дәруменін анықтау** *Жұмыс мақсаты*: азық-түлік құрамындағы С дәруменін анықтаудың қарапайым әдістерін меңгеру. *Құрал-жабдықтар*: қара қарақат, лимон, алма, ашыған қырыққабат, апельсин, картоп шырыны, дистилденген су, крахмал суспензиясы немесе коллоид[1], дәріханалық йод, 5%-дық спирт ерітіндісі, химиялық ыдыс. **Жұмыс барысы** 1. Әртүрлі сынауыққа 20 мл-ден шырын құйыңдар. 2. Шырынға дайындалған крахмал суспензиясынан шамамен 5 мл-ден құямыз. Сосын сынауықтағы қоспаны араластырамыз. 3. Йод ерітіндісін 40 есе сұйылтамыз. Енді осындай йодтың 1 мл-іне 0,875 мг *С* дәрумені сәйкес келеді. 4. Арнайы химиялық ыдыс арқылы шырыны бар сынауықтарға тамшылатып (титрлеу) дайындалған йод ерітіндісін қосыңдар. Жұмсалған йод мөлшерін мұқият санап алыңдар. 5. Шырыны бар ерітіндінің көкшіл түске айналуы бұл – йодтың С дәруменін тотықтырып, крахмалмен әрекеттесе бастағанына дәлел. Әр сынауыққа неше миллилитр йод жұмсалғанын жазыңдар. 6. Йод сынамасы бояуының өзгеру дәрежесі және жұмсалған йод әлшері бойынша әртүрлі өсімдік шырынындағы С дәруменінің мөлшері ралы қорытынды жасаңдар. 7. Шырындарды С дәрумені мөлшерінің арту реті бойынша орналасырып, кестені толтырыңдар. С дәруменінің мөлшерін шамамен есептеп, рсетуге болады.	Адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын түсіндіреді. Құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түлік тізімін жасайды. Зертханалық жұмыс арқылы азық түлік құрамындағы С дәруменін анықтайды.
Заттардың тасымалдануы			

Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық	8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау	*№6 зертханалық жұмыс* **Түрлі ағзалар қанының формалы элементтерін зерттеу** *Жұмыс мақсаты*: дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалар қанының формалы элементтерінің құрылысының ерекшеліктерін зерттеу. *Құрал-жабдықтар:* микроскоп, адам, бақа, құс, лама немесе түйе, қоян қанының дайын микропрепараттары; егер дайын микропрепараттар болмаса, олардың кез келген тасымалдаушыдағы (электрондық, полиграфиялық) суреттері. **Жұмыс барысы** 1. Дайын микропрепараттарды микроскоп арқылы қарандар. Микропрепараттардан қанның барлық жасушалары көріне ме? 2. Егер дайын микропрепараттар болмаса, әртүрлі ағзалардың қанының жасушаларының суреттерін қарандар. Мынадай тапсырма сұрақтарына жауап беріңдер.  Адам қаны Бақаның қаны Жылқының қаны	Қанның құрамы мен қызметін сипаттайды. Қанның транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық қызметтерін түсіндіреді. Қанның формалы элементтерін зерттейді. Эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттердің құрылысын салыстырады.

		– Қан жасушаларын қарап, олардың пішіндері мен түстерін анықтаңдар. Жалпы қандай жасушалар көп? – Бір-біріне қатысты жасуша өлшемдері қандай? Оқулықтағы сипаттамасымен салыстырыңдар. – Эритроциттерді қараңдар. Қандай ағза эритроциттерінде ядро болады? – Әртүрлі ағзалардың лейкоциттерін қараңдар. Айырмашылықтарын көрдіңдер ме? – Адам лейкоциттерінің әртүрлі типтерін ажырата алдыңдар ма? Зертханалық жұмыс қорытындысы ретінде қан жасушаларын: 1) пішіні, 2) мөлшері; 3) жасуша саны; 4) ядросы бойынша салыстырыңдар.	
Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт	8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру	**Білу және түсіну:** 1. «Әмбебап донор», «әмбебап реципиент» деген түсініктерге анықтама беріңдер. 2. Гемолиздік сарыауру дегеніміз не? 3. Неліктен екінші қан тобын үшінші қан тобына құюға болмайтынын түсіндіріңдер. **Қолданылуы:** 1. Параграфта сипатталған қан плазмасындағы нәруыздар қызметін сипаттаңдар. 2. Резус фактор неден тұрады? 3. Егер қан тобы төртінші, резусы оң адамға резусы теріс, үшінші қан тобын құйса, не болатынын болжап көріңдер. Жауаптарыңды негіздеңдер. **Талдау:** 1. Қан топтарының ерекшеліктерін сызба түрінде бейнеленңдер. 2. Неліктен ертеде адамдар қан құюды сәтті жүзеге асыра алмағанын айтыңдар. 3. Резус-конфликт кезінде заманауи медицина көмектесе ме? Мысалдар келтіріп дәлелдеңдер. **Синтез:** 1. Қан топтарының құрамы мен қызметіне толық анықтама беріңдер және талқыланңдар. 2. Критерийлер бойынша жүйеленңдер. 3. «Қан топтары: бұрын және бүгін» деген тақырыпқа эссе жазыңдар. 4. Адам өміріндегі нәруыздардың рөлін бағаланңдар. **Бағалау:** 1. Неліктен қан құю керек екені туралы өз пікірлеріңді айтыңдар. 2. *Жеке төзе алмауға* анықтама беріңдер және талданңдар. **Пікірталас:** Агглютинация кезінде не болады және оның салдары қандай?	Қан құю кезіндегі агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіреді. Қан құйғанда нені ескеру керектігін үсінеді.

Тыныс алу			
Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі	8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру	**Білу және түсіну:** 1. Тыныс алу әрекетін жүзеге асыратын құрылымдарды атаңдар. 2. «Кеуделік және құрсақтық тыныс алу типтері» дегенді қалай түсінесіңдер? **Қолданылуы:** 1. Тыныс орталығының қызметін сипаттаңдар. 2. Тыныс алу әрекеті мен ағзаның оттекті қажетсінуі арасындағы байланысты анықтаңдар. 3. Кеуделік және құрсақтық тыныс алу типтерін салыстырыңдар. **Талдау:** 1. Тыныс алу және тыныс шығару механизмдерін сызба түрінде бейнелеңдер. 2. Тыныс алу, тыныс шығару, жөтелу және түшкірудің себептері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы өз пікірлеріңді айтыңдар. **Синтез:** 1. Оттек тыныс алу мүшелеріне емес, тікелей қанға түскенде, адам тіршілігін жалғастыра ала ма? Өз пікірлеріңді айтыңдар. 2. Тыныс алу және тыныс шығару механизмдерін жүзеге асырудағы әртүрлі құрылымдардың рөлін бағалаңдар. **Бағалау:** 1. Мынадай жағдаят туралы пікірлеріңді айтыңдар: «Ота кезінде оттек маскасын пайдаланғаннан соң, пациент шамамен 30 секундқа өздігінен тыныс алуды тоқтатты. Жас ассистент хирург реанимация бастамақшы болды, бірақ тәжірибелі дәрігер оны тоқтатты. 30 секундтан кейін пациент өз бетімен тыныс ала бастады». Сипатталған жағдайды бағалаңдар. Осы оқиғаны тыныс алу механизмдері тұрғысынан түсіндіріңдер. 2. Беліне дейін жаялықпен оралған 3–4 айлық баланың жынысын анықтауға бола ма? Талқылаңдар.	Тыныс алу және тыныс шығару механизмін сиапттайды. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттерді біледі. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызын түсінеді. Ойлау деңгейлерінің бағалау сатысында логикалық тапсырмалар берілген.
Бөліп шығару			

<table>
<tr>
<td>Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несепағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліпшығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері)</td>
<td>8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу</td>
<td>

Білу және түсіну:
1. «Нефрон, бірінші реттік және екінші реттік зәр» деген түсінікке анықтама беріңдер.
2. Ми және қыртысты қабат дегеніміз не?

Қолданылуы:
1. Нефрон бөліктері мен оның қызметі арасындағы байланысты анықтаңдар.
2. Адамның зәр шығару жүйесі неден тұрады?
3. 65-суретті қараңдар. Онда бүйректің қандай құрылымы берілген? Олардың қызметі қандай?

Талдау:
1. Зәр түзілу кезеңдерін талдаңдар.
2. Нефрон капсуласында және ирек өзекшеде жүретін үдерістерді сызба түрінде бейнелеңдер.
3. Кестені толтырыңдар:

Мүше	Құрылысының ерекшеліктері	Қызметі
Бүйректер		
Несепнәр		
Қуық		
Зәр шығару түтігі		

Синтез:
1. Бүйректің ми және қыртысты қабаты арасындағы айырмашылықтарын атаңдар.
2. Құрылысы мен оларда жүретін үдерістерді ескеріңдер.
3. Тостағанша, астау, несепағар, зәр шығару түтігі, қуықтың құрылысы мен рөлін бағалаңдар. Олардың ауа жолдарымен ұқсастығы бар ма? Жауаптарыңды негіздеңдер.

Бағалау:
1. Қарапайымдардан бастап жануарлардың зәр шығару жүйесінің эволюциясы туралы реферат жазыңдар.
2. Бүйрек артериясының қанына зиянды заттардың (несепнәр) түсуінен бастап жүретін үдерістер мен құрылымдарды дұрыс ретпен орналастырыңдар.
3. Адам ағзасы үшін зәр шығару маңызын түсіндіріңдер.

</td>
<td>

Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды.

Бүйрек, несепағар, қуық, несеп жолының орналасуы мен қызметін түсіндіріп, кестені толтырады.

Бүйректер, қыртысты қабат, ми қабаты, дәнекер ұлпалы қабат: бірыңғай салалы бұлшық ет, эпителий, нефрон, капсула, ирек өзекше, тостағанша, астау, пирамидалар, реабсорбция, бірінші және екінші реттік зәр ұғымдарын біледі және талдай алады.

</td>
</tr>
</table>

«Биология» пәні бойынша зерделеуге»Мектеп» баспасынан шыққан 7-сыныпқа арналған оқулық пен «Атамұра» баспасының 8-сыныпқа арналған оқулықтары алынды.

7-сыныпқа арналған оқулықта мәтіндік, сұрақ түріндегі және кестелік, графикалық тапсырмалар көбірек берілген. Оқулықта өз білімін тексеруге арналған сұрақтар, суреттерге қарап сипаттама беру, биологиялық диктанттар берілген.

TIMSS зерттеулерінде кездесетін тапсырмаларға сәйкес келетін тапсырмалар ішнара берілген. Мысалы, «Қозғалыс» бөліміндегі жануарлар қозғалысы туралы, оның ішінде қозғалып жүретін мүшелері бар және мүшелері жоқ түрлерінің қозғалыс әрекеті туралы тапсырмалар бар. Нақтырақ айтқанда, медузлардың, теңіз құрты, жыландар, құрттардың қозғалысын сипаттау бойынша тапсырма берілсе, «Мектеп» баспасының оқулығында осыған ұқсас келетін төмендегідей тапсырма бар.



1-сурет. TIMSS зерттеулеріндегі «Қозғалыс» бөлімі бойынша тапсырма түрі

Оқулықтағы тапсырмаларды күнделікті өмірде қажетті дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалармен толықтыру ұсынылады.

«Атамұра» баспасының 8-сыныпқа арналған оқулығында Блум таксономиясы бойынша ойлау деңгейлеріне қарай, сұрақтар қарапайымнан күрделіге қарай құрылған.

Мысалы, білу, түсіну деңгейлерінде атау, сипаттау, анықтама беру деген тапсырмалар болса, қолдану деңгейінде тамақ құрамындағы дәрумендерді сақтау ережелерін сақтау, тамақты әзірлеу барысында ондағы дәрумендердің жойылып кетпеу үшін не істеу керектігі, дәрумендерді қабылдаудың маңызы бойынша берілген. Ойлау деңгейлерінің талдау сатысында авитаминоздың пайда болу себептері, синтез сатысында дәрумендердің ролін дәлелдеу үшін зертханалық тышқандарға қандай эксперименттер жасауға болатынын айту, эссе жазу, ал бағалау бөлімінде дәрумендерді тағамдардан басқа қайдан алуға болатыны туралы ойларын айту сияқты ойлануды қажет ететін тапсырмалар берілген.

Бұл оқулықта зертханалық жұмыстар оқулық соңында берілген. Оқу жылы бойына үнемі кездесетін терминдер ирек жазулармен берілген, бұл мәтінді есте сақтауға оң әсер етеді.

Оқулықта TIMSS зерттеулерінде келетін тапсырмаларға ұқсас тапсырмалар да қарастырылған. Мысалы, фотосинтез туралы мынадай тапсырма болған:

«Биология сабағында мұғалім: адам орманға барғанда тынысы кеңіп, жеңіл демалатынын айтты. Оның себебі өсімдіктер адамның тыныс алуына қажетті оттегін бөледі. Өсімдіктердің оттегін бөлетінін дәлелдеу мақсатында келесі тәжірибені ұсынды. Ауа кіргізбейтін қақпағы бар биік, мөлдір шыны ыдыстың ішіне арнайы ыдыста өсіп тұрған өсімдікті (немесе өсімдіктің бір бұтағын) салып қойды (суреттегідей). Оны жылы, жарық жерге қойды (егер өсімдік оттегін шығаратын болса, шыны ыдыстың ішінде ол көп болуы тиіс)» (2-суретте). [5].

2-сурет. TIMSS зерттеулеріндегі фотосинтез процесі бойынша тапсырма түрі

Енді оқулықтағы сәйкестікке келетін болсақ, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, 7-сынып оқулығында («Мектеп» баспасы) фотосинтезге арналған зертханалық жұмыс бар. Онда фотосинтездің жүруі үшін қандай жағдайлар қажет екенін зерттейді. Осы оқулықта тақырыпқа байланысты тағы да қызықты бір тапсырма мәтін түрінде берілген: «Ғалымдар фотосинтездің қарқындылығы күні бойы бірқалыпты болмайтынын анықтаған. Таңертеңгілік уақытта қарқындылық аса жоғары деңгейде болса, түске қарай ол төмендейді, бірақ кешкі мезгілде қарқындылық қайтадан біршама жоғарылайды. Олай болса, фотосинтез қарқындылығының күні бойғы өзгерістеріне қандай факторлардың себепші болаиынын түсіндіріңдер».

Осындай тапсырмалар арқылы білім алушылар фотосинтезге қажетті жағдайлар болған кезде, өсімдіктер оттегін бөлетінін біледі.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы – нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін және зерттелінетін проблемаларды анықтау үшін, тәжірибе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілеті. Бұл қорытындылар қоршаған ортаны және оған адам ісімен енгізілетін өзгерістерді түсіну үшін, сонымен қоса тиісті шешімдерді қабылдау үшін қажет. Халықаралық зерттеулерге қатысу әр ел үшін білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірудің негізгі себебі болып табылады. Яғни оқушылардың халықаралық зерттеулерге қатысуы, оқушының өзін-өзі дамытуды жоғары деңгейде іске асыруы мен қоғам өмірінде өз орынын табу, өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау, ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде халықаралық зерттеулер мен мониторингтердің негізгі мақсаты – білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің орта білім беретін мектептен алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

Бігінгі мұғалім сабақта ақпаратты тасымалдаушы рөлін атқарып қоймай, оқушылардың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін аша білетін, алған білімді өмір бойы есте сақталатындай, қызықты да пайдалы сабақты ұйымдастыратын жан-жақты болуы қажет.

3. Білім алушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

TIMSS-2019 нәтижелері бастауыш сыныпта математикада проблемалары бар оқушылар бар екенін көрсетті, сондықтан негізгі мектепке ауысқан кезде бірден тиімті педагогикалық технологияларды, тьюторлық сүйемелдеу әдістемесін қолдана отырып, осындай проблемаларды анықтауды және жоюды ұйымдастыру керек екені байқалды.

Оқулықтарда оқытудың маңызды құралы ретінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыратын ақпараттық технологияларды қолдануға бағытталған әр түрлі деңгейдегі, практикаға бағытталған, танымдық, зерттеу сипатындағы жаттығулар жүйесі арқылы математикалық білім мазмұнын игерудің әртүрлі тереңдігі қамтамасыз етілген.

Оқулықтарға талдау жасалыпп, олардың әрқайсысы бойынша қорытынды жасалды. Ұсынылған оқулықтардың оқу материалы оқушыларға өз бетінше және ата-аналарымен бірге жаңа тақырыпты зерттеуге мүмкіндік береді. Айта кету керек, оқулықтарда сұрақтарға қарапайым ауызша жауап беруді қажет ететін көптеген тапсырмалар бар. Іс жүзінде контекстік тапсырмалар аз. Оқулықтарда ұсынылған тапсырмалар оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Осыған байланысты төмендегідей ұсыныстар беріледі:

- бір типтегі қарапайым сұрақтардың санын азайту керек, олардың орнына TIMSS әдістемесі бойынша тапсырмалар әзірлеу;
- дайын шаблон бойынша орындай салуға мүмкіндік бермейтін, білімді жаңа жағдайда қолдануды талап ететін тапсырмаларды әзірлеу;
- оқушылардың сыни және жобалық ойлауын дамытуға бағытталған қарапайым тапсырмалар санын көбейту;
- топтық шағын жобаларды қарастыру;
- табиғи процестердің қарапайым дизайнын (макеттер, суреттер, қосымшалар және т.б.) қарастыратын тапсырмаларды әзірлеу;
- жалпыадамзаттық құндылықтар мен қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге ықпал ететін тапсырмалар санын арттыру.

Әр бөлім бақылау сұрақтарымен, қызықты мәліметтермен және практикалық тапсырмалармен аяқталады. Оқулықтарда теориялық дайындық практикалық дағдыларды қалыптастырумен оңтайлы үйлесім тапқан.

Оқулықтарды әзірлеу кезінде жүйелілік, қол жетімділік, оқытудың көрнекілігі, практикамен байланыс сияқты барлық негізгі дидактикалық принциптер сақталған.

Оқулық әзірлеуші авторларға ұсыныстар:

-өзін-өзі бақылауды және өзін-өзі тексеруді қамтамасыз ететін тапсырмаларды көбейту;

- жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша оқулықтарда тәжірибеге бағытталған міндеттерді күшейту;

- пәнаралық байланыстар қағидаларын сақтау;

- жеке оқытудың сараланған тәсілі мен мүмкіндіктерін іске асыру.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда басты рөл атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – теория мен практиканың байланыста болуы ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Оқушылардың игерген білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың, сондай-ақ оның қалыптасуын бақылаудың құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстары, практикалық тапсырмалар және т.б.) болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың нәтижелеріне қойылатын талаптар: баланың мектепте алған білімдері негізінде әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде қалыпты жұмыс істеуге қабілетті болуы, белгілі бір мәдени ортаға мүмкіндігінше жылдам бейімделуі, жаратылыстану-ғылыми ұғымдарды, тәжірибеде қолданылатын әдістерді өмірде қолдануы. Бүгінгі күні балаларды нақты мәселелерді шешуге, әлемнің ғылыми көрінісін қалыптастыруға, ғылыми сипаттамадан нақты құбылыстар мен ақпараттық ағындарға бару жолын табуға үйрету, сыни бағалау, болжау, шешімдер қабылдау үшін өз тәжірибелерін, білімдерін, дағдыларын және тұлғалық қасиеттерін пайдалануға үйрету маңызды.

Бастауыш білім беру деңгейінің «Математика» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары мен оқулықтарды салыстырмалы талдау оқулықтардағы оқу тапсырмалары оқыту мақсаттарына сәйкес келетінін және түйінді Дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталғанын көрсетті [6].

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарындағы «Математика» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқулықтарда дамытушылық, жүйелендіру, қорытындылау, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар бар. Оқулықтарда коммуникациялық дағдыларды дамыту үшін «жұппен жұмыс», «топпен жұмыс» атты бірқатар тапсырмалар берілген. Курстың практикалық бағыттылығы күшейтілді, «Сен зерттеушісің», «Өмірдегі математика» атты тапсырмалар топтамасы ұсынылды. Тапсырмалардың мұндай дизайны балаға білімді күнделікті өмірде қолдануға көмектеседі, математикалық білімнің құндылығын көрсетеді.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту бойынша ұсыныстар

Пәнаралық байланысты қолдану – күрделі әдістемелік міндеттердің бірі. Ол басқа пәндердің мазмұнын білуді талап етеді.

Мысалы, судың қасиеттерін әмбебап еріткіш ретінде зерттегенде, су молекуласының құрылымының қандай ерекшеліктері оның физиологиялық функцияларын қамтамасыз ететіні туралы зерттеу қажет. Бұл үшін оқушылар су

молекуласының құрылымын еске түсіреді (бұрыштық пішін). Содан кейін олар судың бейорганикалық және күрделі органикалық заттардың гидраттану қабілеті туралы айтады. Сонымен бірге мұғалім заттардың гидрофильді және гидрофобты қасиеттері туралы түсініктерді қалыптастырады. Бұдан кейін оқушылар су құрылымының жасушадағы биологиялық функцияларын: тасымалдаушылық, құрылымдық, терморегуляциялық және каталитикалық ерекшеліктерін анықтайды.

Д.И. Менделеевтің периодтық заңын оқыған кезде оқушылар химия элементтерінің биологиялық рөлі мен олардың Д.И Менделеевтің периодтық жүйесіндегі орнына ерекше назар аударуы керек. Мысалы, көміртек топшасын зерттегенде биологиялық тұрғыдан көміртектің 1-ші органоген болып табылатындығына назар аудару керек. Көміртегі атомдарының белоктар, майлар, көмірсулар, витаминдер, ферменттер компоненттерінің құрамында болатынын анықтайды [7].

Биологиялық түсініктер сондай-ақ «Күрделі эфирлер мен майлар», «Көмірсулар», «Амин қышқылдары» тақырыптарында берілген.. Химия және биология пәнаралық байланыстардың бағыттары -кестеде көрсетілген.

10-кесте. Химия және биологияның пәнаралық бағыттары

Пәнаралық байланыс бағыттары		**Ұқсас ұғымдар мазмұны**	
Химия		**Биология**	
Бөлім	**Тақырып**	**Бөлім**	**Тақырып**
Су	Табиғаттағы су. Судың ластану себептері. Судың кермектігі	Жасушалық биология Су және органикалық заттар (7-сынып, 1-тоқсан)	Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі
Адам ағзасындағы химиялық элементтер (8-сынып)	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі	Тыныс алу	Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы
	Тағам құрамындағы қоректік заттар	Жасушалық биология Су және органикалық заттар (7-сынып)	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар (7-сынып) Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық
Оттекті және азотты	Көмірсулар	Молекулалық биология	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар.

органикалық қосылыстар (9-класс)			Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық; Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз.; Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері (8-сынып)
Адам ағзасындағы химиялық элементтер (9-класс)	Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және о Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. № 14 зертханалық тәжірибе «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау»;	Қозғалыс Биофизика	Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы
17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) топ элементтері және олар дың қосылыстары (9-сынып) Көміртек және оның қосылыстары	Азот Көміртектің жалпы сипаттамасы Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері Көміртектің қасиеттері	Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе (9-сынып)	Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер
Химиялық реакцияда	Отынның жануы және	Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері (9-сынып)	Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері

ғы энергияме н танысу (8-сынып)	энергияның бөлінуі	Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері (8-сынып)	Адамның табиғаттағы ролі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау
			Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары
		Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері (9-сынып)	Жылыжай эффктісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері
Оттекті және азотты органикалық қосылыстар (9-сынып)	Амин қышқылдары. Нәруыздар	Қоректену	Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту ғылымилық принциптер мен тәрбиелік принциптерге негізделген болуы қажет. Оқыту процесінде мұғалім оқушыларды саналы тәртіпке, белсенділікке, қиындықты жеңе білуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге, табандылыққа, адалдыққа, жауапкершілікке, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу үшін жан-жақты жұмыс жүргізуі қажет. Қазіргі кездегі оқыту әдістерінің ең басты мақсаттарының бірі-оқушыларға туындаған проблемалардың шешу жолдарын табуға үйрету.

Жаратылыстану бағытындағы білім мен тәрбие беруде қоршаған ортанық қорғаумен бірге, оны жақсарту жолдары қамтылады. Яғни табиғатпен адам және табиғатпен қоғам арасындағы үйлесімділікті сақтап, олардың маңыздылығы мен құндылықтарының өсіп отырылуын ескеру керек. Білім алушыларды өздігінен жаңа білімдер алуға, қажетті ақпараттарды жинауға, гипотезалар ұсынуға, қорытындылар жасауға және ой қорытуға үйретуді қолға алу керек.

Қазіргі уақытта оқытудың ең маңызды міндеттерінің бірі әрбір білім алушының өзі толыққанды жеке тәжірибе жасауға бағытталуы болып табылады. Сондықтан білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін биология сабақтарында зерттеушілік әдістерді көбірек қолдану ұсынылады.Зерттеушілік іс-әрекеттер белгілі бір салада білімдер жинағын, гипотезаны ұсыну негізінде мәселелерді көру және шешу мүмкіндігін, мақсаттарды қою және жоспарлауды, қажетті ақпаратты жинау және талдауды, оңтайлы әдістерді таңдау мен эксперимент жүргізуді, зерттеу нәтижелерін, белгілі бір қызметте білім мен машықтарды қолдану қабілеті. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, адам оқу арқылы білімнің 10% -ын ғана есте сақтайды, ол есту арқылы 20%-ын, ол көру арқылы 30% -ын; 50-70% топтық талқылауға қатысуымен, ал, 80%-ын өзін-өзі анықтау және проблемаларды өзі тұжырымдау арқылы меңгереді екен. Тек оқушы нақты қызметке тікелей қатысқан кезде, проблемаларды тәуелсіз тұжырымдау, әзірлеу және шешім қабылдау,

қорытындылар мен болжамдарды қалыптастыру кезінде ол материалды 90% жаттап алады және игереді екен.

Зерттеу жұмысының әдістері теориялық білім мен техника, бақылау, талдау, салыстыру, ұқсастық, қорыту, жіктеу болып табылады. Зерттеу жүргізу үшін педагогикалық әдістердің арсеналы қажет.

Мысалы, химияға қабілеттілікті оқу процесінде, байқау қабілеті, шығармашылық әрекеттегі шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Баланың ашылуы үшін оның сабаққа қызығушылығын қамтамасыз ету, зерттеуге ынталандыру қажет. Қызықты оқиғаны әңгімелеумен, мысалы: «... ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы адам металлды, оны өндіріп, өңдеді және оның шеберлерін құрметтеді». Зерттеу жұмысын ұйымдастыру кезінде теориялық дайындықты талап етеді [7].

Зерттеу қызметі жаңа білім алуға бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың бір формасы ретінде әрекет етеді.

Зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бала болмысының білмекке құмарлығымен, оның қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі.Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді.Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерді, ойлау және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді.Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді дайын күйде алмай, өз бетімен ашады. Зерттеушілік жұмыс балалардың өз қызығушылығынан басталады.

Зерттеу оқытудың барлық кезеңдерінде ұйымдастырылуы мүмкін. Мұғалім зерттеу қызметінің формасы мен шарттарын ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді, оның бағыт беруімен білім алушыларда зерттеу, шығармашылық ұстанымымен ғылыми немесе өмірлік мәселеге ғылыми көзқараспен қарауға ішкі мотивация қалыптасады.

Адамзат әртүрлі креативті тәсілдер мен күшті ғылыми-техникалық база арқылы жаһандық мәселелерді шешуге атсалысуда. Осындай мамандардың аралас салаларындағы білімі әлемге осындай технологиялық проблемалармен күрес жүргізуге көмектеседі. Сондықтан да мектепте STEM-білім беру әдісін енгізу осындай қажеттіліктен туып отыр.

STEM-білімнің артықшылықтары:

- техникалық сипаттағы пәндерге қызығушылық;
- тәжірибе мен эксперименттерді пайдалана отырып стандартты емес міндеттерді шеше білу;
- қарым-қатынас дағдыларын дамыту [8].

Мұндай тәсіл білім беру процесін болашақта өзін-өзі анықтаумен және мамандық таңдай білуге мүмкіндік береді.

STEM – білім беру әдісі арқылы биология сабақтарында модельдеу тапсырмаларын орындауға болады.

Модельдеу – биологиялық объектілерді зерттеу әдістерінің бірі. Модельдеу әдісі физика, механика, математика, биология заңдарын қолдана

отырып зерттелетін процестің функционалдық құрылымын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Модельдеудің келесі түрлері бар:

- ✓ табиғи (материалдық)- зертханалық зерттеу;
- ✓ ақпараттық-зерттелетін объектілер мен процестер туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын шамалар жиынтығы;
- ✓ математикалық моделдеу-объектінің немесе процестің маңызды белгілерін теңдеулер тілімен және басқа да математикалық құралдарды білдіреді;
- ✓ компьютерлік модельдеу - бұл компьютер көмегімен практикалық тапсырмаларды шешу әдісі,
- ✓ имитациялық модельдеу-бастапқы шарттарды өзгерту және нәтижелерді салыстыру.

Модельдеудің мынадай сипаттары бар:

Тапсырманың пәндік маңызы (мысалы: биологиялық);

математикалық құрылымы (формулаларды шығару).

Алынған шешімдерді талдау (түсіндірме жазбада көрсетіледі).

Жаратылыстану-математика бағыты пәндерінің білім мазмұны күтілетін нәтижеге және оқушының бойында күнделікті өмірге қажетті түрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Жаратылыстану-математика бағыты пәндерін оқытудағы функционалдық сауаттылықты дамыту бұл – білім алушылардың әлеуметтік, мәдени, экономикалық қызметтерге белсене араласуға, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, меңгерген білімін күнделікті тұрмыс тіршілікте өз керегіне жаратып, өмірге дайын болуына жағдай жасау. білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Сондықтан педагогтерге әр сабақты түрлендіріп, логикалық ойлауды, функцтоналдық сауаттылықты арттыруға ықпал ететін тапсырмаларды көбірек қолдну ұсынылады.

Қорытынды

Қазіргі әлемде білім берудің барлық салаларда прогресті қамтамасыз ететін қоғамның стратегиялық ресурсы ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді. Мектеп білім берудің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің негізгі буыны.

Бірінші бөлімде математика және жаратылыстану ғылымының білім сапасының халықаралық салыстырмалы мониторингін жасайтын болып табылатын TIMSS зерттеулеріне арналған тапсырмалар мазмұндық бөлім мен оқу-танымдық іс-әрекет бөлімдерінен тұратыны, зерттеу тапсырмаларының дайындау құрылымы туралы мәліметтер берілді.

Қазіргі уақытта дайын білімді игеру жеткілікті емес, адамның интеллектуалды дамуының мақсаты және құралдарының бірі, сонымен қатар қажетті ақпаратты өз бетінше алуға, проблемаларды анықтауға және оларды шешу жолдарын іздеуге, алған білімдерін сыни тұрғыдан талдай білуге және оларды жаңа міндеттерді шешу үшін қолдануға үйрету функционалдық білім беру болып есептеледі.

2019 жылы өткен TIMSS халықаралық зерттеулерінің нәтижесі қазақстандық оқушылардың оқу дайындығында өзгерістер қажет екенін көрсетті.

Олардың мақсаттары мен құралдарының ерекшеліктерін талдау TIMSS халықаралық зерттеулерін жүргізу кезінде қазақстандық оқушылардың кездескен қиындықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Сабақ жоспарын әзірлеуде ерекше назар аударатын жайттар:

- қосымша ақпараттар іздеуді талап ететін тапсырмаларды әзірлеу;
- кешенді немесе құрылымдалған жобалау тапсырмаларын қолдану;
- бірнеше өзара байланысты сұрақтар құрастыру;
- пәндерді кіріктіре оқыту т.б.

Білім алушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар бірінші бөлімінде TIMSS халықаралық зерттеулері тапсырмаларының мазмұнының ерекшеліктері, функционалдық сауаттылық түрлері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын басты ұстанымдар туралы мәліметтер берілді.

Екінші бөлімде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту бойынша 1-8 сыныптары оқулықтарындағы оқу тапсырмаларының мазмұнына талдау жасалды. Зерделеуге 1-6 сыныпқа арналған «Жаратылыстану», 7-8-сыныптарға арналған «Математика», «Алгебра», «Биология», «Физика» пәндерінің оқулықтары алынды.

Үшінші бөлімде білім алушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда басты рөл атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – теория мен практиканың

байланыста болуы ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Оқушылардың игерген білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.

2.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

3. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.

4.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

6. 1-сынып - Математика. Оқулық. 1, 2 бөлім. Акпаева А., Лебедева А., Мынжасарова М., Лихобабенко Т. «Алматыкітап», 2021 жыл;

7.2 сынып - Математика. Оқулық. 1, 2, 3, 4 бөлім. Акпаева А., Лебедева А., Мынжасарова М. «Алматыкітап», 2017 жыл;

8.3 сынып - Математика. Оқулық. 1, 2, 3,4 бөлім. Акпаева А., Лебедева А., Мынжасарова М., Лихобабенко Т. «Алматыкітап», 2018 жыл;

9.4 сынып - Математика. Оқулық. 1, 2, 3, 4 бөлім. Акпаева А., Лебедева А., Мынжасарова М., Лихобабенко Т. «Алматыкітап», 2021 жыл.

10. Р.Ә.Қаратабанов, Г.А.Үржігітова, Ж.Б.Құсайынова, Г.С.Батырова. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. -Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2021

11. В. Беркало, Н. Жакупова,Т. Андриянова, А. Полежаева, 2017 Жаратылыстану. 2-сынып оқулығы. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ13. Андриянова Т.А., Беркало В.Н., Жакупова Н.Ш., Кузнецова С.Н., Полежаева А.В. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2018

12. П. Бигазина, А. Жаманкулова, Э. Кажекенова, Г. Тураканова, М. Хонтай, Жаратылыстану. Оқулық. 4-сынып. НЗМ, 2019.

13. Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева, Биология. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық-Алматы, «Мектеп» 2017

14.А.Соловьева, Б.Ибраимова Биология. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық-Алматы, «Атамұра» 2018

15. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағы» - Астана, 2016

16. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Химия» оқу пәнін (7-9 сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

17. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Биология» оқу пәнін (7-9 сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

28. Национальный отчет «Результаты участия Казахстана в TIMSS-2019», 2021 год, Департамент международных сопоставительных исследований - Нур-Султан, АО «Информационно-аналитический центр», 2021

Мазмұны

Кіріспе _____ 3
1.TIMSS халықаралық зерттеулері тапсырмаларының мазмұнының ерекшеліктері _____ 7
2.Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту бойынша 1-8 сыныптары оқулықтарындағы оқу тапсырмаларының мазмұнын талдау_____ 24
3.Білім алушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар_____ 153
Қорытынды 159
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 161

Қосымша 162

Қосымша

1-тапсырма
Таңертең сағат 8-де ауа температурасы 14°С көрсетті. Кейін температура әр сағат сайын 3°С артты және сағат 12-де температурасы 25°С жетті. Таңертең сағат 10-да ауа температурасы қандай болды?
а)14°С; ә)16°С; б) 18°С; с) 20°С.

2-тапсырма
Суретте бейнеленген адамның бойы 2 м-ге тең. Ағаштың биіктігін табыңдар.
а) 4 м; ә) 6 м; б) 8 м; с) 10 м.

3- тапсырма
Арман, Руслан және Айгерім мектептен үйге бірге қайтады. Оларға Айгерімнің үйіне жету үшін 20 мин керек. Кейін Русланның үйіне жету үшін Арман мен Русланға 15 мин қажет. Ал, Арманның өз үйіне жету үшін 10 мин керек. Арман үйіне 16 сағ-та келу үшін олар мектептен қаншада шығуы қажет?

4- тапсырма
Мәжіліс залында 9 қатар бар. Әр қатарда 15 орындықтан қойылған. Барлығы қанша орындық бар екені қандай өрнектің көмегімен есептеуге болады?
а) 15 : 9; ә) 15 - 9; б) 15 * 9; с) 15 + 9.

5-тапсырма



Суретте 12 бәліш берілген. Барлық бәліштің 1/4 бөлігін дөңгелектеп қоршаңыз.
16-тапсырма.

Назгүл алма және лимон шырынымен эксперимент жасамақ болды. Ол алманы екіге бөліп, кесілген жағымен жайпақ ыдысқа салды. Алманың бір бөлігіне лимон шырынын сығып тамызды. Біраз уақыттан кейін лимон шырынымен «қорғалған» бөлігінің ақ қалпында қалғанын, ал алманың «таза» бөлігі қарайғанын байқады. Алманың «таза» бөлігі неліктен қарайды?

17-тапсырма.

Оқушылар тауықтың жұмыртқасымен келесі тәжірибелерді жасап, қорытынды жазды. Тауықтың шикі жұмыртқасын суы бар жарты литрлік шыны ыдысқа салды. Жұмыртқа шыны ыдыстың түбіне түсті. Жұмыртқаны алып шығып, сол суға 2 ас қасық тұз салып жақсылап араластырды және жұмыртқаны тұз араласқан суға қайтадан салды. Жұмыртқа батпайды, судың бетінде қалықтап жүреді. Себебін түсіндіріңіздер.

18-тапсырма.

Биология сабағында мұғалім: адам орманға барғанда тынысы кеңіп, жеңіл демалатынын айтты. Оның себебі өсімдіктер адамның тыныс алуына қажетті оттегін бөледі. Өсімдіктердің оттегін бөлетінін дәлелдеу мақсатында келесі тәжірибені ұсынды. Ауа кіргізбейтін қақпағы бар биік, мөлдір шыны ыдыстың ішіне арнайы ыдыста өсіп тұрған өсімдікті (немесе өсімдіктің бір бұтағын) салып қойды (суреттегідей). Оны жылы, жарық жерге қойды (егер өсімдік оттегін шығаратын болса, шыны ыдыстың ішінде ол көп болуы тиіс) (6-сурет).



6-сурет – Шыны ыдыспен жабылған өсімдік

19-тапсырма.
Кремний хлориді (IV) $SiCl_4$ – түссіз, ұшқыш сұйықтық. Ақ түтін пайда болуы үшін, бұл сұйықтық бар ыдысты ашу жеткілікті. Булану барысында кремний хлориді (IV) ауадағы ылғалмен әрекеттеседі:
$SiCl_4 + 4H_2O = H_4SiO_4 + 4HCl$.
Бұл реакцияның нәтижесінде кремний қышқылының (H_4SiO_4) қатты бөлшектерінен тұратын түтін пайда болады.
Сұрақ: бұл түтінді қайда пайдалануға болады?
Келесі (20-23) тапсырмаларға өз ойларыңызды жазыңыздар және дәлелдеңіздер.

20-тапсырма.
Жалғыз аяқ (соқпақ) жол бойындағы өсімдіктер неліктен өліп қалады? Жауапты бірнеше нұсқада беруге болады.

21-тапсырма.
Құм, балшық, қарашірік, минералды тұздардың әрқайсысынан бірдей мөлшерде алынған. Олардың бәрі араластырылып, онда аз мөлшерде су құйылған. Дайын болған қоспаны топырақ деп айтуға бола ма? Неліктен?

22-тапсырма.
Ауа райының ыстық болуы және жаңбырдың ұзақ уақыт болмауы жағдайында бау-бақша өсімдіктерін суарады. Құйылған су буланып кеткеннен кейін өсімдіктің түбіндегі топырақта жарықтары бар «қабыршықтар» пайда болады.